

---

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІЛДІК ЖАҒДАЙЫ

## ЯЗЫКОВАЯ СИТУАЦИЯ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

### LANGUAGE SITUATION IN MODERN KAZAKHSTAN

ӘОЖ 811.512.122: 811.124\*351

М.А.Тұрсынова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан*  
(E-mail: t\_marhaba@mail.ru)

#### Қазақ жазуын латын графикасына ауыстыру мәселелері

Мақалада латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіруге байланысты түркі тілдес халықтар тәжірибесіне қатысты пікірлерге талдау жасалып, латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобалары қарастырылды. Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиінің ғалымдар, тілтанушылар, журналистер және жалпы қоғам мүшелерінің талқылауға ұсынылған жобалары беріліп, әліпби нұсқаларындағы кейбір таңбалардың қолданылу ерекшеліктері қарастырылды. Жаңа әліпбиге көшу барысында болатын қазақ фонетикасының өзіне тән заңдылықтарындағы ұтымды тұстары ғалымдар пікірлері арқылы дәлелденген. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне байланысты емледе қиындық туғызатын мәселелерге қатысты ұсыныстар жасалды.

*Кілт сөздер:* латын графикасы, жаңа әліпби, емле ережесі, әліпби нұсқалары, қазақ жазуының тарихы.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында: «Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгін де телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тілінде оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал, біз қазір барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Сондықтан мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ», – деп бастама көтерсе, 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп атап көрсетті.

Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» және «Таяу жылдардағы міндеттер» арқылы болашаққа қадам басудағы бірнеше сатыларды қамтитын рухани құндылықтарымызға байланысты мәселелер Елбасының көзқарасы ретінде сараланған. Соның бірі – латын әліпбиіне көшу.

«Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер», – дей келіп, қазақ жазуының тарихына байланысты біраз мәселелерге тоқталған Елбасы жақын арада қолға алынатын іс-шараларды көрсетіп берді.

Жиырмамыншы жылдары араб жазуын жетілдіру не өзге графикаға алмасуы мәселесі тек жалғыз Қазақстанда емес, бүкіл түркі тілдес республикалар көлемінде қозғалды [1].

Жазу тарихы бірнеше кезеңдерді бастан өткерген түркі халықтарының ішінде, ілкі кездерден латын графикасын пайдаланатын Түркия мемлекетін қоспағанда, Түрікменстан, Әзербайжан, Өзбекстан Республикалары кириллицадан латын әліпбиіне көшкеніне біраз уақыттың жүзі болды.

Бізден бұрын латын графикасын қабылдаған түркі тілдес халықтардың тәжірибесі де көп сараланды [2, 3].

Түркияның министрлер кеңесі 1928 жылдың 28 маусымында «Алфавит жөніндегі комиссия» құрып, ол 8 және 12 шілдедегі отырысында латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдайды.

1991 жылы Әзербайжанда түрік тілінің нұсқасындағы әліпби қабылданды. Процестің аяқталғанының белгісі ретінде Республика Президентінің 2001 жылдың 9 тамызындағы «Әзербайжан тілі мен әзербайжан әліпбиінің күнін өткізу туралы» Жарлық қабылдады.

1993 жылы 2 қыркүйекте Өзбекстан Республикасы «Латын графикасы негізіндегі өзбек әліпбиін енгізу туралы» Заң қабылдады. Өзбекстан Республикасы мәжілісінің 1995 жылы 21 желтоқсанда қабылдаған «Мемлекеттік тіл туралы Өзбекстан Республикасының Заңын жүзеге асыру тәртібіне қатысты» Жарлығы бойынша Өзбекстан Республикасының латын жазуына көшуінің соңғы кезеңі болып 2005 жылдың 1 қыркүйегі қабылданып, сонан соң 2010 жылға дейін созуды бекітті [2].

Латын әліпбиіне көшу жайлы алғашқы ресми пікір академик Әбдуали Қайдардың 1993 жылдың 24 қазанындағы «Ана тілі» газетінде жарияланған «Латын әліпбиінің болашағы зор» атты мақаласында бастау алған болатын. Осы кезеңдер ішінде еліміздің барлық аймақтарында қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыруа байланысты әртүрлі дәрежедегі конференциялар, дөңгелек үстел, семинарлар өткізілді, латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтары айтылып, әліпби нұсқасы жасалды. Әліпбидің бірнеше нұсқасы дайындалды, талқыға ұсынылды, тіпті ғаламтор арқылы да әліпби нұсқаларымен көпшілік қауым таныс болып отыр.

Латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшудің ғылыми-лингвистикалық негіздері сараланып, әліпби жобаларының артықшылықтары мен кемшіліктері жан-жақты таныстырылды [4, 5].

Аталған нұсқалардың ішінде латын әліпбиін негізге алғанымен, қазақтың төл дыбыстарының сипатын беруде диакритикалық белгілер, апостроф таңбасы немесе диграф арқылы таңбалаулар ұсынылды.

2017 жылдың 11 қыркүйегінде Парламент мәжілісінде тыңдауға ұсынылған латын жазуы негізіндегі қазақ әліпбиінің нұсқасында 25 әріп ұсынылып, *ә, ө, ү, ғ, ч, ж, ш, ң* әріптері диграф арқылы, яғни әріп тіркестері арқылы, берілді.

Бұл әліпби нұсқасындағы көпшіліктің қабылдай алмаған мәселелерінің бірі де осыған байланысты болды, себебі бұл диграфтар арнайы таңбаны қажет етпегенімен, бір әріптің орнына екі әріп жазу арқылы мәтін көлемі ұлғаяды, әріптерді қабылдау қиындыққа соғып, сауатсыздық пайда болады деген пікірлер болды.

*Ж, ш* әріптерінің қос әріппен белгіленуі (*zh, sh*) бұрыннан өзімізге таныс болғанымен, Диграфпен берілген *ә, ө, ү* дыбыстарының таңбалары *ae, oe, ue* болып, негізгі әріпке қосымша дыбыстың мәні бар *e* әрпімен қатар тұрғаннан кейін қолдануда қиындық туғызатыны сөзсіз еді. Орыс графикасына негізделген құмық, қарашай-балқар, ноғай сияқты тілдердің әліпбилерінде төл дыбысты таңбалайтын әріптер *ь* немесе *ъ* белгісі арқылы берілгенімен (*къ – қ, нь – ң, оъ – ө* т.б.), жуандық, жіңішкелік белгілерінің дыбыстық сипаты жоқ.

Әліпбидің басқа нұсқаларында төл дыбыстарымызды диакритика, апостроф арқылы белгілеу туралы да ұсыныстар болған. Ондай таңбалар компьютер пернетақтасында жоқ әріпті керек етеді, бірақ дыбыстық ерекшеліктерді нақты көрсетуге, сол әріптерді адамның тез қабылдауына мүмкіндігі мол. Ноқаттың көптігі көруге кері әсер етеді дейтіндей, төл дыбыстарды таңбалайтын әріптеріміз кез келген сөзде бастан-аяқ кездесіп жатпағаны белгілі.

Латын жазуы негізіндегі қазақ әліпбиінің нұсқасы Парламент мәжілісінде талқылауға ұсынылғаннан кейін жалпы халық өз пікірін білдірді, көпшілік қауым қоғамдағы болып жатқан бұл өзгерісті бей-жай қалдырмады. Бұл – құптарлық іс.

Бір ай уақыттан кейін 2017 жылдың 9 қазанында Елбасыға латын әліпбиінің өзгертілген жаңа жобасы таныстырылды және төмендегідей өзгерістер енді.

Біріншіден, алдыңғы жобاداғы 8 диграф апострофпен өзгертіліп, апострофпен берілген әріптердің саны 9-ға жеткен және «бір дыбыс – бір әріп» принципі сақталған.

Екіншіден, *ц* аффрикаты әліпбиден алынып тасталған.

Үшіншіден, *Уу* әрпі *Ww*-мен таңбаланса, енді *Уу'* түрінде апостроф арқылы берілген.

Төртіншіден, *li* мен *Йй* таңбалары *li* сипатында белгіленсе, қазіргі жобада қазақтық төл дыбысы жеке *li* арқылы, ал *Iiu* мен *Йй* бір ғана *Ii'* арқылы апострофпен таңбаланған.

Бесіншіден, алдыңғы нұсқадағы *Йй* әрпі *Jj* арқылы болса, қазір ол әріппен *Жж* белгіленді.

Осыларды саралай келе, бұл әліпби нұсқасындағы диграфтың апострофпен өзгертілгені, *Цц*-ның алынып тасталғаны, қазақ тілінде *Iiu* дауыстысы жоқ екендігі ескеріліп, *Iiu* мен *Йй*-ді бір таңба арқылы беруі, жалпы алғанда, «бір дыбыс – бір әріп» принципі сақталғандығы көңіл құптарлық іс болып отыр.

Дегенмен, *Уу*-ды *Ww* түрінде таңбаласак, *Жж*, *Шш* әріптерінің *Zhzh*, *Shsh* түрінде диграфпен белгіленуі бұрыннан өзімізге таныс болғандықтан, сол сипатында қалдырып, апострофты азайтуға мүмкіндік жасауға болар еді немесе *Жж–Jj* нұсқасын өзгертпей, *Шш*-ны *Сс*-мен де таңбалауға болады, себебі бұл әріп қолданылмай тұр. *Уу*-ды *Ww* түрінде таңбалауды жөн көріп отырғанымыздың тағы бір себебі *Уу*-ды да, *Ыы*-ны да *Уу*, *Уу'* деп таңбалауға қатысты. *Ыы* мен *Уу* әріптері жуан-жіңішке жұпты құрайтын дыбыстардың таңбасы болмағандықтан, екеуі бірдей таңбаланып, тек апостроф арқылы ажыратылып тұрғандығы қиындық туғызатын сияқты. Ал *Аа-Әә (Аа-А'а')*, *Оо-Өө (Оо-О'о')* дыбыстарының жуан-жіңішке сыңарлары ретінде апострофтың қойылуы түсінікті. Сондай-ақ *Ыы* дыбысының жіңішке сыңарын *Ii'* арқылы, ал *Iiu* мен *Йй*-ді *li* арқылы белгілесе, жалпы алғанда, игерілмей тұрған үш әріпті (*Хх*, *Сс*, *Ww*) ұтымды пайдалана білсек, дұрыс болар еді.

2017 жылдың 26 қазаны күні қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге қатысты талқы бітіп, Президент жарлық шығарды. Әліпбиді кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлыққа қол қойды.

Қазақ жазуының жаңа белесі басталды.

Әліпби бекітілгеннен кейін ендігі мәселе – алда істейтін істер, тындыратын іс-шаралар болмақ. Соның ең бастысы – емле ережелері. Осы уақытқа дейін қолданылып жүрген орыс графикасы негізіндегі қазақ әліпбиімен салыстырғанда емле ережелерінің өзгеретіні, азаятыны белгілі, себебі басы артық әріптер алынып тасталды. Осыған орай алдыңғы әліпбиімен салыстырғанда әріп санының 42-ден 32-ге кеміп, 10 әріпке қысқарғандығынан емле ережелеріне қатысты сұрақ көп туындап жатқаны көпшілікке аян.

Бұған қатысты айтарымыз, *я*, *ю*, *ё* әріптерін бұдан былай *i'a*, *i'y'*, *i'o* дыбыс тіркестерімен, *щ* әрпін қос *ш*-мен *s's'*, *ц*-ны *ts'* арқылы жазамыз. Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай екі *й*-дің орнына бір ғана дауыссыз *й* жазылатын болды. Себебі қазақ тілінде *и* деген дауысты дыбыс жоқ. *Х* мен *h*-ның бір таңбамен берілуі де басы артық әріптерден арылуға жол ашты. Емле ережесіндегі 2000 жылдан бері қарай болып жатқан өзгерістердің бірі де осы дыбыстарға қатысты болатын. Бұрынғы нұсқадағы *х*-мен жазып жүрген кей сөздердің енді *қ*-мен жазуымыз да соның дәлелі. Бұндай сөздердің қатарына *рақмет*, *рақат*, *дастарқан* сияқтыларды айтуға болады.

Латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңмен атқарылатыны белгілі. Емле ережесі бекітіліп, орфографиялық сөздік шыққан соң оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтар дайындалады, жаңа әліпбиді, емле ережелерін үйрететін маман даярлау жүзеге асырылады. Балабақшадан бастап, кез келген білім саласына қатысты мекемелерде оқыту жұмыстары жүргізілетіні белгілі. Бұдан тыс ересектерге немесе күнделікті жазу-сызумен айналыспайтын кез келген қоғам мүшесіне арналған үйрету жұмыстары жүру керек. Ол не қосымша үйірме, не кешкілік мектеп түрінде болуы мүмкін. Ең бастысы, халықтың әліпбиді және емле ережелерін меңгеруі болмақ.

Қазіргі қолданылып жүрген жазуымымыздың емле ережелерінде қиындық туғызып жүрген мәселелер кездесіп жатады. Сондай тығырықтан шығу үшін бүгінгі күні ғалымдардың талқылауында болып, түзіліп жатқан емле ережелеріне қатысты азын-аулақ ұсыныс білдіруді жөн көрдік:

1. Кез келген тілдің орфографиясы сол тілдің өзіндік ерекшелігіне сай белгілі бір принципке негізделеді. Академик Р.Сыздық қазақ орфографиясы сүйенетін принциптерді көрсетіп, қолданылатын орындарына мысал келтіреді [6].

Біздің тілімізде фонематикалық, фонетикалық принциптердің басымдылықпен қолданылатыны белгілі. 2000 жылы емле ережесіне енген өзгерістердің қатарында *шекара*, *қыркүйек*, *көкөніс* түрінде жазып келген сөздеріміз орфоэпиялық заңдылық бойынша таңбаланып, *шегара*, *қыргүйек*, *көгөніс* болса, соңғы шыққан орфографиялық сөздікте [7] ауызекі тіл арқылы игерілген кірме сөздердің қатары көбейе түскендігіне *мәшине*, *мәйкі*, *бәнкі* сияқты мысалдар келтірілген.

Бұндай сөздерді естілуінше жазсақ, айтылуындағыдай «ағиық, Ағнұр» деп емес, құлаққа түрпідей тигізіп «ақиық, Ақнұр» деп жазылуы бойынша оқитындар азайып, үндестік заңына сәйкес сөйлеуді үйренетін шығармыз. Сондай-ақ кезінде норма ретінде қалыптасқан «Амангелді, Ботагөз»

немесе «көгал, таңғалу, көгорай» сөздері де айтылуынша жазылып тұрғаны баршаға мәлім. Оның үстіне қазір әртүрлі мерекелік кештер мен шоу бағдарламаларды жүргізушілер қолдарындағы қағазда жазылғандай айна-қатесіз оқуды сауаттылық деп есептеп, орфоэпиялық заңдылықтың сақталуына назар аудармай жататындары көптеп саналады.

2. Емледе қиындық туғызатын мәселелердің бірі ретінде *ә* дыбысын естілуінше *ә* әрпімен немесе *ә* дыбысының орнына *а* әрпінің жазылуын айтуға болады. *Іңкәр, күмән, шүбә* сияқты сөздермен бірдей сипатта айтылатын *ділда, рәсуа* сөздерінде де *ә* дыбысының естілу, айтылу дәрежесі бірдей болғандықтан, *ділда, рәсуә* түрінде таңбаланса.

3. Емле ережесінде қиындық туғызып келе жатқан мәселелердің бірі *и* мен *у*-ға қатысты болып отыр.

Профессор Ә.Жүнісбек оқулықтарда дауыстылардың қатарында жүрген *и*, *у* таңбаларына тоқталып, орфографиялық талданым жасай келе, морфем талданым, тасымал талданым арқылы қазақ жазуындағы өзекті мәселелерді көрсетеді [8].

Жаңа әліпбиге көшкеннен кейін осы уақытқа дейін жазуда қиындық туғызып жүрген *и*, *у* әріптеріне қатысты мәселенің беті ашылып, бұрынғы ережемінде «*и* әрпі қазақ тілінде қосарлы *ый, ій* дыбыстарының таңбасы ретінде қолданылады (*иіс, иін, имек, ине*); *у* әрпі *ұу, үу* дыбыс тіркесінің таңбасы ретінде қолданылады (*су, суіл*)» [6; 26, 27], – деп арнайы ережеге арқау етсек, енді басқаша көрініс табатын болды.

Бұл туралы филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешовтің 14.09.2017 күнгі «Әдебиет порталына» берген сұқбатында әліпбидің артықшылықтарының бірі ретінде аталып өтіпті:

«Жаңа әліпбиде фонетикалық та, морфологиялық та принциптер басшылыққа алынды. Алайда фонетикалық принципке басымдылық берілгенін айта кеткен жөн. Себебі біздің мақсатымыз қазақтың төл дыбыстарын айтылуына қарай барынша дәл беру болып табылады. Мысалы, қазір біз *су* деген сөзді айтылуында 3 дыбыс естілетініне қарамастан, оны 2 әріппен таңбалап жүрміз, ал латын әліпбиінде бұл сөз фонетикалық принципке сай 3 таңбаға ие болады: *су~suiw*», – дей келе, *и*-ге қатысты төмендегідей толықтырады:

«Қазіргі кезде дау тудырып жүрген дыбыстардың бірі – *и* дыбысы. Бұл дифтонг дыбыс. Яғни ол – *ый* және *-ій* деген екі дыбыстың тіркесінен жасалған кірме дыбыс. *И* дыбысын негізінен тек кірме сөздерге жазған дұрыс. Мәселен, *инстаграм, индрайвер, институт* т.б. сөздерді латынның *I* дыбысымен бергенді жөн көріп отырмыз. Сөздің түбірі сақталып тұр. Ал қазіргі кездегі жазуда «*и*» дыбысына аяқталатын «*ми*» деген сияқты сөзге тәуелдік жалғаудың үшінші жағы жалғанған да «*ми+ы*» болады. Бұл жағдай қазақ тілінің заңдылықтарына сай келмейді. *Ми* деген сөз былай қарағанда екі түрлі мағына беретін секілді. Бір қарағанда ол – адамның миы, ал екінші жағынан ол – нотаның атауы. Бірдей аталғанымен, ол екі сөз бір-біріне омоним бола алмайды. Өйткені *ми* деген сөздің дұрыс жазылу варианты «*мый*». Сондықтан да осы сияқты сөздерді бір-бірінен ажырату мақсатында, әрі заңдылықтарды сақтау негізінде екі дыбысқа екі түрлі таңба беріп отырмыз» [9].

Яғни бұл ереже осы уақытқа дейінгі жаңсақ пікірге тосқауыл қойып, қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс барлығын нақтылайтын болды.

4. Сонымен қатар орыс тілінен енген кейбір сөздерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда дәнекер дыбыс қосылатын сөздер де бар. Бұл туралы: «*нд, нз, нк, нг, мп, мб, мт, кт, ск, вт, фт, пт* дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары *ы, і* дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады» [6; 34] және «*нд, мп, кт, нк, мб, ск, фт* сияқты дыбыстар тіркесіне бітетін сөздерге қосымшалар *-ы, -і* дәнекері арқылы жалғанады» [7; 716], – деген ережелер бар болғанымен, дәнекер дыбысты қажет ететін дыбыстар тізбегінде *дж* дыбыс тіркесіне аяқталған сөздерге қатысты мәселе айтылмағанымен, орфографиялық сөздіктерде дәнекер дыбыс арқылы қосымша жалғанған *колледж-колледжіге, картридж-картриджісі, коттедж-коттеджіде, имидж-имиджісі* сияқты сөздерді кездестіреміз. *Лифт, бланк, Минск* сияқты сөздерге қосымшаны дәнекер дыбыссыз жалғап, *лифтімен көтерілдім* демей, *лифтпен көтерілдім* десек, *Минскіге кетті* демей, *Минскке кетті* десек, сөздің айтылуына қиындық туғызатыны көрінеді, ал жоғарыда айтқан *дж* дыбыс тіркесіне аяқталған сөздерге дәнекер дыбыссыз қосымша жалғау қиындық туғыза қоймайды. Мысалы, *колледжіде оқимын, коттеджіге кірдім, картриджіні жөндеттім* дегеннің орнына *колледжде оқимын, коттеджге кірдім, картриджді жөндеттім* деген әлдеқайда жеңіл сияқты. Бұл да бір ізге түсіруге қажет ережелердің бірі екендігі белгілі.

5. Орфографиядағы қиындық туғызатын мәселенің тағы бірі *-ог, -уг* дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымшаның жіңішке жалғануы. Сөйлеу тілінде де, баспасөзде де осы қосымшаға орай

катенің көп кетуі *филолог, технолог, морфолог, психолог* сияқты сөздерге қатысты кездеседі. Бұл жерде қиындық аралас буынды сөздерге қатысты болса керек. Сол себептен бұл тұрғыда да қосымшаны соңғы буынға байланысты жалғаған дұрыс болар деген ойдамыз. Себебі «орыс тілінен енген -к, -г дыбыстарына аяқталған сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігіне қарай, яғни сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай, жалғанады» [6; 32] ғой. -ог, -уг дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша осы тәртіппен жалғанса, «*Филологтер ме, филологтар ма? Невропатологке ме, невропатологқа ма? Психологтің бе, психологтың ба?*» деп күмәнданбайтын едік.

6. Жазылуында біркелкілік болмай, қиындық туғызып жүрген сөздердің бірі – екі дауысты қатар келген біріккен сөздер.

2001 жылғы сөздіктегі «Қазақ тілінің негізгі емле ережелерінде»: «Алдыңғы сыңары дауысты дыбысқа аяқталып, екіншісі дауыстыдан басталатын кейбір жалқы есімдердегі қатар келетін екі дауыстының бірі (алғашқысы) түсіріліп жазылады: *Сарөзек, Сарарқа, Сарағаш*», – деп берілсе [9; 13], 2005 жылғы сөздікте: «Кірігіп біріккен сөздердің бір тобы алдыңғы компоненттің соңғы дауыстысы болып, екіншісі дауысты дыбыстан басталса, қатар келген екі дауыстының алғашқысы айтылмай кететін сөздер бұрынғы сөздіктерде де бар болатын. Олардың қатарына «*босағаттар, саптаяқ, алауыздық*» сөздері қосылды», – деп түсіндірілген [10; 5].

2013 жылы жарық көрген сөздікте [7] осындай сөздердің бірқатарында екі дауыстының біреуі түсірілсе (*саптаяқ, босағаттар, сарауру, алтатар, Хауана*), бірқатарында екі дауысты да сақталған (*шыныаяқ, алмаағаш, алааяқ адам, алаауыз болу, қараөрік, қараағаш, қараалма, сарыала қаз, сарыауыз балапан, салтыетек әйел, салтыауыз*).

Осы сияқты сөздердің қатарын «*бақаоты, қараот, жіңішкеауру, кіреақы, әулиеағаш, қараағаш, сарағаш, қараөрік, қараот, қараөлең*» [11] тәрізді мысалдармен толықтыруға да болады.

Ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» осы құралпас сөздер «*Сарыағаш, Сарыарқа, сарыөрік, сарыүйек, сарыүрпек, сарыезу, сарыөрік*» түрінде берілген [12; 711, 712, 724, 728].

Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, осы сияқты сөздердегі екі ашық дауыстының біреуінің түсіріліп жазылуына сәйкес келгенімен, бірізділік жоқ. Мысалы, «*босағаттар, алааяқ*», «*саптаяқ, шыныаяқ*» немесе «*сарауру, сарыауыз*» сөздерінде ашық-қысаң немесе екі ашық дауыстының түсіріліп те, түсірілмей қолданылғаны кездесетіндіктен, әсіресе емле ережелерін оқытуда қиындық туғызатын мәселелердің бірі болып саналады.

7. Осындай жиі кездесетін қателіктер – соңғы буынында *ю, ё, э* келетін орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғануы. Ереже бойынша жіңішке жалғануы тиіс болғанымен, *актёрға, актёрлар, режиссёрға, режиссёрлық, шахтёрға, шахтёры* ретінде қате қолданыс жиі орын алады, себебі соңғы буыны жуан болған соң емле ережесіне сай *актёрге, актёрлер, режиссёрге, режиссёрлік, шахтёрге, шахтёрі* ретінде емес, жуан түрінде айтамыз.

Бүгінгі күні әліпби бекітілгенімен, қыруар шаруа алда тұр. Соның бірі – емле ережесі. Осы уақытқа дейін қолданып келген қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінде басы артық әріптің көптігінен ереже де көп болып келгені баршаға аян. Сол олқылықтың орнын толтырудың орайы келіп тұр. Төл жазуымыз оқуға да, жазуға да, игеруге де, қабылдауға да жеңіл болғаны абзал. Еліміздің түкпір-түкпірінде әртүрлі іс-шаралар жолға қойылып, үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстары жүріп жатқандығы және оның әрі де жалғасын табатыны сөзсіз.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі Тәуелсіздік алған жылдардан бастап сөз болып келе жатыр және, Елбасы атап көрсеткендей, оқушылар ағылшын тілін оқу арқылы латын әріптерін меңгерген. Жаңа әліпбиді, емле ережелерін үйрететін мамандар, оқулықтар дайындалып, бір-екі жылда әдістемелік жұмыстар жүргізіледі. Яғни жаңа әліпбиге көшу бірнеше кезең арқылы жүзеге асады. Ең бастысы, жаңа әліпби төл дыбыстарымыздағы ерекшеліктердің сипатын нақты көрсете алатындай, қазір қолданылып жүрген басы артық әріптерден құтылатындай, орфографиялық заңдылығымыздың табиғатына сай келетіндей болуы керек. Бізден бұрын латын жазуына көшкен түркі халықтарының қателігі бізге сабақ болып, сол қателіктерді қайталамау үшін жаңа қабылдайтын әліпбиіміздің ғылымилығына баса назар аударған жөн.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Ахметтану бастамалары. — Қарағанды, 2005. — 204 б.

- 2 Фазылжанова А. Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан Республикалары ұлттық тілдерінің латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшу тәжірибесі бойынша лингвистикалық талдау / А.Фазылжанова // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. — Алматы: Арыс, 2007. — 136–146-б.
- 3 Ыбыраев Ш. Түркі мемлекеттерінің латын графикасына көшу тәжірибелерінен / Ш. Ыбыраев // Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері. — Астана: Сарыарқа, 2013. — 16–22-б.
- 4 Күдерінова Қ. Латын графикасына негізделген қазақ жаңа әліпби жобалары және олардың лингвистикалық сипаты / Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. — Алматы: Арыс, 2007. — 233–237-б.
- 5 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы / Қ. Күдерінова. — Алматы: Елтаным, 2013. — 344 б.
- 6 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы / Р. Сыздық. — Астана: Елорда, 2000. — 532 б.
- 7 Орфографиялық сөздік. — Алматы: Дәуір, 2013. — 720 б.
- 8 Жүнісбек Ә. Жазу реформасы / Ә. Жүнісбек // Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері. — Астана: Сарыарқа, 2013. — 36–47-б.
- 9 Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. — Алматы: Арыс, 2005. — 616 б.
- 10 Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 464 б.
- 11 Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы / Қ. Күдерінова. — Алматы, 2005. — 144 б.
- 12 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. — 12-т. — Алматы, 2011. — 752 б.

М.А.Турсунова

### Проблемы перевода казахской письменности на латинскую графику

В статье проанализированы проекты нового казахского алфавита на основе латинской графики, эффективные стороны практики и опыта перехода на новый алфавит тюркских народов на основе латинской графики. Предложены проекты нового казахского алфавита, выносимые на обсуждение ученых, лингвистов, журналистов и широкой общественности. Описаны особенности употребления некоторых графем, обозначающих специфические звуки казахского языка. Автором предложены пути решения трудностей в казахской орфографии в связи с переходом на латинский алфавит.

*Ключевые слова:* латинская графика, новый алфавит, правила орфографии, проекты алфавита, история казахской письменности.

M.A.Tursunova

### The problems of translating Kazakh script into Latin script

The projects of the new Kazakh alphabet based on Latin script, the effective aspects of practice and experience of transition to the new alphabet of the Turkic peoples on the basis of Latin are analyzed in the article. The drafts of the new Kazakh alphabet are proposed for discussion by scientists, linguists, journalists and the general public. The features of the use of some graphemes, which denote specific sounds of the Kazakh language, are described. The author suggests ways of solving difficulties in Kazakh orthography in connection with the transition to the Latin alphabet.

*Keywords:* latin graphics, new alphabet, spelling rules, alphabet projects, history of kazaks script.

### References

- 1 Ahmettanu bastamalary (2005). [Ahmetology]. Karaganda [in Kazakh].
- 2 Fazylzhanova, A. (2007). Turkia, Azirbaizhan, Ozbekstan respublikalary ulttyk tilderinin latyn hrafikasy nehizindehi zhana alipbihe koshu tazhiribesi boynsha linhvistikalyk taldau [Linguistic analysis of the practice of switching to a new alphabet based on the Latin alphabet of the national languages of the Republics of Turkey, Azerbaijan, Uzbekistan]. *Latyn hrafikasy nehizindehi kazak alipbii: tarihy, tahylymy zhane bolashy – Kazakh alphabet on the basis of Latin graphics: history, heritage and future, 136–146.* Almaty: Arys [in Kazakh].
- 3 Ybyraev, Sh. (2013). Turki memleketterinin latyn hrafikasyna kosu tazhiribelerinen [From the practice of the transition to the Latin graphs of the Turkic states]. *Kazak alipbiin latyn karpine kosirudin ozekti maseleleri – Actual problems of the transition of the Kazakh alphabet to the Latin alphabet, 16–22.* Astana: Saryarka [in Kazakh].
- 4 Kuderinova, Q., & Fazylyzhanova, A. (2007). Latyn hrafikasyna nehizdelhen kazak zhana alipbi zhoalary zhane olardyn linhvistikalyk sipaty [Linguistic characteristics of new projects of the Kazakh alphabet based on the Latin script]. *Latyn hrafikasy nehizindehi kazak alipbii: tarihy, tahylymy zhane bolashy – Kazakh alphabet on the basis of Latin graphics: history, heritage and future, 233–237.* Almaty: Arys [in Kazakh].

- 5 Kuderinova, Q. (2013). *Kazak zhazuynyn tarihy men teoriiasy [History and theory of Kazakh script]*. Almaty: Eltanym [in Kazakh].
- 6 Syzdyq, R. (2000). *Kazak tilinin anyktahysy [Directory of the Kazakh language]*. Astana: Elorda [in Kazakh].
- 7 Orfohrafialyk sozdik (2013). [Spelling Dictionary]. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 8 Zhunisbek, A. (2013). Zhazu reformasy [Reform of writing]. *Kazak alipbiin latyn karpine kosirudin ozekti maseleleri – Actual problems of the transition of the Kazakh alphabet to the Latin alphabet, 36–47*. Astana: Saryarka [in Kazakh].
- 9 Kazak tilinin orfohrafialyk sozdihi (2005). [Orthographic dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 10 Kazak tilinin orfohrafialyk sozdihi (2001). [Orthographic dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Daik-Press [in Kazakh].
- 11 Kuderinova, Q. (2005). *Birhe zhane bolek zhazylatyn sozderdin orfohrafiasy [Orthography of words written together and separately]*. Almaty [in Kazakh].
- 12 Kazak adebi tilinin sozdihi (2011). [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vol. 12). Almaty [in Kazakh].